



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ДАМУДАҒЫ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ИДЕЯЛАРЫ

Қайрат Дана Қайратқызы

dana_240395@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының

4-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – Шалғынбаева Қ.Қ.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған “Саламатты Қазақстан” атты мемлекеттік бағдарламасында Президент Н.Ә.Назарбаев: “Еліміздің дамуының жаңа кезеңіндегі мемлекеттік саясаттың бір бағыты медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту мен денсаулықты сақтаудың жоғарғы технологиялық жүйесін дамыту болуы керек”, – деп атап көрсетті [1]. Сонымен қатар 2017 жылғы Жолдауында Президент таяу онжылдыққа бірнеше нақты міндеттер қойды. Жасөспірімдердің бойында “Мәңгілік Ел” жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру керек екендігін де атап көрсетті [2]. Олай болса қоғамның даму тарихында салауатты өмір салты, денсаулықты сақтау, оны нығайту және адам денесінің өзіндік резервтерімен мүмкіндіктерін дамыту мәселесі маңызды әлеуметтік-ғылыми мәселе ретінде жалғасын тауып келе жатыр.

Өткенге көз жүгіртсек, ежелгі ата-бабаларымыз әрбір маусымда олардың өзіндік өмір сүру мерзіміне байланысты денсаулықты қалпына келтіруге қамқорлық керек екенін жақсы білетін болған. Себебі, олардың ойынша, денсаулық өз Отанын қорғауға дайын болуға, салауатты, мықты, барлық қиындықтарға төтеп беруге қабілетті, рухани даму мүмкіндігін береді, – деп есептеген. Осы тұрғыда “Бірінші байлық – денсаулық”, немесе “Денсаулық – зор байлық” деген даналық сөздер тіршіліктің нағыз өзегіне айналған. Денсаулықтың қадірін, маңызын айрықша ұғынып, оны игіліктің барлығынан жоғары қойған. Тағы да “Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде” деп жан мен тән саулығын қоршаған орта аясында дұрыс сақтап, нығайтуға түрлі пайдалы әрекеттер жасап отырған. Қазақ халқы дене тәрбиесі факторларын біліп қана қоймай, сондай-ақ тәжірибе арқылы бірқатар емдеу әдістерін ойлап тауып, оны халық арасына кең таратқан. Атап айтар болсақ, олар: “ас тұрған жерде – ауру тұрмайды”, “тер шықпаған кісіден-дерт шықпайды”, және т.б. [3]. Ортағасырлық педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында аты әлемге әйгілі ортағасыр данышпандары - Әл-Фараби, XIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген ежелгі түркілердің көрнекті ағартушысы, ойшылы, әрі ақын, сазгер, әрі күйші, тарихта ерекше рухани із қалдырған Қорқыт Ата тағылымындарында денсаулық, еңбекке жарамдық, қоғамның ең маңызды мәселелердің бірі болып саналып, жасөспірімдердің салауатты өмір салтын білуін, салауатты өмір зиянды әдеттермен үйлеспейтіндігін, жаман қылықтардан аулақ болуды халық арасында кең насихаттап отырған. Олар өмір тәжірибесімен дене шынықтырудың оңтайлы және тиімді әдістерін, балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіру тетіктерін айқындаған. Оның жарқын дәлелі ретінде көне заманнан ұштасып келе жатқан салт-жоралғылармен, мерекелерде қазіргі уақытқа дейін өзгеріссіз кең тарап отырған ұлттық ойын түрлерін айтуға болады [4]. Қазақ халқының өткен әлеуметтік өмірінде біз жас ұрпақтың дене тәрбиесі, денсаулық сақтау және оның қалыпты дене дамуына қамқорлық тақырыбы барлық қоғамның даму кезеңінде үздіксіз көтеріліп отырғанын көреміз. Жасөспірімдердің салауатты өмір салты мәселесіне қазақ ағартушылары, қоғам қайраткерлері, педагогтар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, одан бері XX ғасырдың 20-30-жылдардағы қоғам қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов жастардың салауаттылық біліміне баса назар аудару керек, өйткені денсаулық қоғамның байлығы,

сондықтан оны сақтау үшін шығатын шығын қаншалықты қымбат болсада, соны жұмсау қажет екендігін атап айтқан. Абай өзінің “Қара сөзінде” “адамның өміріндегі ең құнды қасиеттерді қалыптастыратын жақсы уақыт – ол жастық шақ”, – деген. “Кім жастық шағын ақылмен өткізсе, кез келген уақытта қоғамға және адамдарға пайдалы болады. Бұл әрекетті орындау үшін, өмір жолында дұрыс жүру керек. Жастық шағын босқа өткізген, денсаулығын нығайту және сақтау туралы ойлануға уақыты болмаған адам, қартайғанда өкінетін болады” – деп тұжырым жасайды[5].

А.Байтұрсынов «құлттық тәрбиенің басты міндеті – дені сау азаматты тәрбиелеу», – деген қорытынды жасайды. Оны өз көзқарасы тұрғысынан дамытып, ағартушы ұрпақ тәрбиесінде оның денінің сау болуын негізгі міндет етіп қойып, дені сау ұрпақ қалыптастырудың жолдарын ғылыми тұрғыда көпшілікке түсіндіреді. “Ауру астан”, яғни дұрыс тамақтана білмеуден деп түсінген. А.Байтұрсынов өзінің зерттеулерінде “тіс”, “асқазанымыз”, “тамақ жеу”, “қай кезде көп жейміз”, “сіңімді ас”, “сіңімсіз ас”, “асауыңа қарай жасауың”, “ас – адамның арқауы” деген тақырыптар арқылы бүкіл тамақтану мәдениетін жүйелеп көрсетеді. Бұл бүгінгі салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы өзекті мәселелерді шешуде таптырмайтын кеңестер болып табылады. Аурудың бәрі астан болғандықтан асты аңдап ішуге байланысты ақыл-кеңес береді. Ақын: «Аңдап ішу дегеніміз – тамақтың жақсы, жаманын талғап ішуді; дәмділігіне қызығып шамадан тыс артық ішіп-жемеуді; тамақты баспалатып, әлсін-әлсін ішпеу болып табылады. Тамақты ішетін қалыпты мезгіл болуы керек. Мезгілінде дамылдауға үйрету керек. Күнде солай істеген соң организм мезгілсіз тамақты керекте қылмайды. Көп жасаған адамдардың өмірінің тұтынған қалпы осы болған», – деп тамақтану мәдениетін сақтаудың ұзақ өмір сүру кепілі болатынын айтады. Осылайша ақын «Тамақ жеу үшін өмір сүруді емес, өмір сүру үшін тамақ жеу» салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі ұраны болуы керектігін ұсынады. Ал жұмыссыз және еңбексіз ештеңеге қол жеткізілмейді, сондықтан дененің күтімі адам денсаулығын сақтауда қаншалықты маңызды екендігіне назар аударады. Ең алдымен тазалыққа мән беру керек, дене тазалығын ұмытпаңыздар, денсаулықтың тамыры – рух саулығын қамтамасыз етеді. А.Байтұрсынов жан мен денені ажыратуға болмайды, бірінің кемшіліктері екіншісіне әсер етпеуі мүмкін емес деп санайды. Сондықтан рухани кемшіліктер дене кемшіліктеріне әкеліп соғатынын айтып кеткен. Оның ойынша, дұрыс тамақтанбау, қозғалыстың аз болуы ойлау мүшелердің нашарлауына, денеге зиян келтіреді[6]. Белгілі қазақ ағартушысы Ж.Аймауытов, адам денесінің дамуы туралы ғана емес, сонымен қатар «өзінің рухын көтеруге ақыл, сана, еркіне қамқорлық керек, адамның жаны мен дене сипаты сәйкес келмесе, онда ол ақсақ адам сияқты болады» деген ой тұжырым жасаған. Ж.Аймауытов «біз білім беру жауапкершілігі мәселесіне келсек, онда мұғалім немесе тәрбиеші дәрігерлерден де артық болуы керек», – деп атап көрсетті[7]. Дәрігер жеке ауруларды емдейді және мүшеге денсаулық берсе, ал мұғалім жан мен ақылды қоса емдейді. Егер саналы және білімді адамдардың саны өссе, онда олар қоғамымыздың саналы және сенімді қорғаушылары болады. Бұл қоғамның мұғалімдерге Отанымыздың болашағын сеніп тапсырғандығын білдіреді. М.Жұмабаев тәрбие түрлерін бөлімдерге бөліп, оларға мынадай сипаттамалар берген. Жаңа туған баланы бір кесек ет қана деуге болады. Оның жан тұрмысы әлі білінбейді. Сондықтан ата-ана жас баланы тәрбие қылғанда күшінің көбін баланың дене тәрбиесіне жұмсауға міндетті. Дене тәрбиесіне де жеңіл қарауға болмайды. Жанға дұрыс тәрбие қылынса болады, дененің қанша керегі бар деп ойлау дұрыс емес. Дене – жанның қабы. Қап берік болса, ішіндегі затта берік болмақ. Дене – жанның құралы. Құралы мықты болса, ішіндегі затта берік болмақ. «Жан сау денеде ғана болады» деген адамзат дүниесінің ескі мәтелі –шын, бұл дұрыс мәтел[8]. Белгілі қазақ жазушысы, педагог, ғалым М.Әуезов еңбектерінде де жасөспірімдердің салауатты өмір салты мәселесін назардан тыс қалдырмағандығын атап өту қажет. Қызылорда қаласында басылып шыққан 1-баспалдақ бастауыш мектептердің қазақ шәкірттері үшін орыс тілінде оқуға арналған «Жаңа ауыл» атты кітап хрестоматиясын айтуға болады. Бұл хрестоматияның «Денсаулықты сақтау» атты бөлімінде М.Әуезов жасөспірімдердің

денежәнесанитарлық біліміне қамқорлық танытып, жастарға жаман әдеттерден жаскезден аулақ болуға шақырып, жеке бас гигиенасы туралы көптеген кеңес берген. Бұл кеңестерді қысқа әңгімелер түрінде береді. Олар: «Тырнақтарыңды тістемендер», «Тістерінді күтіндер», «Мұрындарыңмен тыныстандар», т.б.[9] Адамның денсаулық сақтау мәселелері, оның өмір сүру ұзақтығының барлық уақытында да өзекті. Бұл мәселе үнемі ұлттық идеяның бірінші кезектегі мәселесі болып табылады. Р.К.Төлеубекова бұл қоғам үшін ең маңызды мәселе, оны қоғамды демократияландыру мен ізгілендіру жағдайында халықтың өмір сүру деңгейін арттыру, адам өмірінің тиісті сапалы дамуына қол жеткізу, оны психологиялық тұрғыда қанағаттандыру, әлеуметтік жайлылықты қамтамасыз ету, денсаулықты сақтау, адам туралы ғылымдардың жоғары деңгейдегі қажеттілігі негізінен байқауға болады, - деп көрсетті[10].

Салауатты өмір салты мәселесі қоғамдағы күрделі және шұғыл сипаттағы мәселе, себебі қазіргі кезде білімі мен кәсіби дайындық деңгейіне байланыссыз өз денсаулығына бейжай және ысырапқорлықпен қарау, өкінішке орай, жалпы халыққа тән жайтқа айналууда. Осы олқылықты болдырмау, яғни салауатты өмір салтын қалыптастыру, оны сақтау, адамдардың жеке және қоғамдық, кәсіби-әлеуметтік, тұрмыстық міндеттерін жүзеге асыру мүмкіндіктерін біріктіріп, жеке адамды және қоғамды сауықтандыруға оңтайлы жағдай туғызады.

Жоғарыдағы ойларды қортындылай келе айтарымыз, салауатты өмір салты ұғымының мазмұны әлдеқайда кеңірек болуы қажет, өйткені оған тек жұмыс пен демалыс, тамақтану жүйесі, әр түрлі босаңсытатын және дамытатын жаттығулармен қатар, адамның өз-өзіне және басқа адамдарға қарым-қатынасы, жалпы тіршіліктегі қарым-қатынастар жүйесі, сонымен қатар өмір мақсаттары мен құндылықтарының маңыздылығы да кіреді

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау туралы заң. – 2016. 8-бап, 3-тармақ.
2. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2016ж, желтоқсан 14//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>.
3. Жумадуллаева А. Халық педагогикасы – тәрбие өзегі. // Ұлт тағылымы-2001-№4-5-27-296.
4. Аль-Фараби. Избранные трактаты. – Алма-Ата: Ғылым, 1994. – 298с.
5. Абай Құнанбайұлы/Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: «Жазушы», 2005., 2т.
6. Байтұрсынов А. В здором теле – здоровый дух // В кн.: Антология педагогической мысли Казахстана / сост. К.Б. Жарықбаев, С.К. Калиев. – Алматы, 1995. – 512с.
7. Аймауытов Ж. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1989. – 372б.
8. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992. – 112б.
9. Тайжанов А.Т. Педагогические взгляды М. Ауезова. - Алма-Ата: Рауан, 1990. – 72с.
10. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. – Алматы, 2001. – 296б.